

"ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 11 қараша N 1151

Мұнай-газ секторында капиталды шоғырландыру және басқаруды оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы "ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамы болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы туралы" 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410 Р970410_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 1-тармақтың төртінші абзацындағы "көмірсутектерін барлау мен өндіру жөніндегі шетел қатысатын" деген сөздер алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулыға "Мемлекеттік қатысу үлесі "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамына берілетін көмірсутектерін барлау және өндіру жөніндегі ұйымдардың тізбесі деген 1-қосымшада:

атауындағы "көмірсутектерін барлау және өндіру жөніндегі" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

" Қ а з Т р а н с О й л " Ж А Қ " 1 0 0 " .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті осы қаулыны іске асыру жөніндегі барлық қажетті ш а р л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі